

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 тамыздағы № 693 қаулысы

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысымен бекітілген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Жарғысының 49-тармағының 15-б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының "Қазақстандық технологиялық пайдалану орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жұмыскерлердің демалуына арналған ауданы 15 м², 25 м², 30 м², 60 м², 75 м², 106 м² 534 бірлік мобильді-блокты ғимараттарды сатып алуын қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов